

Key words: Globalization, innovation, demand, supply, price, competition, food safety, market, demand, goods, land, population, demography, world wide Fund.

ӘОЖ 631.15.:65

Рысбергенов Ж.Қ., Тажигулова Ж.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЛАДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БАСҚАРУ

Аңдатпа

Тәуелсіз еліміздің болашағына апарар жол инновациямен тығыз байланыстылығы анық, өйткені қазіргі жаһандану үрдісінде әлемдегі дамыған елдерден қалып қоймас үшін ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілеттілігі жоғары деңгейде болуы шарт.

Кілт сөздер: инновациялық кәсіпкерлік, кәсіпкерлік тәуекел, венчур, интеллектуалды меншік, модернизация, инжиниринг, патент.

Негізгі бөлім:

Ұлттық экономиканы көтеретін мемлекеттік саясат пен отандық кәсіпорындар. Жалпы, инновация - жаңалық енгізудің нәтижесі. Мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың ең негізгі құралдарының бірі - мемлекет тарапынан өзіне тікелей қаржылық және жанама қолдауларды қосып алатын, шетелдік озық технологиялар трансфертінің ынталандырылған кешенді жүйесі болуы тиіс. Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметтің түпкі нәтижелері өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуі жоғары технологиялы өнім көлемі, елдің экономикалық қуатын айқындайтын болғандықтан, оған басты рөл беріледі. Басқару теориясын іс жүзінде қолдану үшін, оның негізгі ұғымдарының мәнін жете білу керек. Осыған орай аталмыш заңда пайдаланылған негізгі ұғымдар төмендегідей:

- инновация - өндірісті және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми техникалық қызметтің нәтижесі;

- инновациялық жоба - инновацияларды енгізуге бағытталған және инвестицияны көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар іс-шаралар кешені;

- инновациялық инфрақұрылым - Қазақстан Республикасы инновациялық қызметтің бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын мамандандырылған субъектілерінің жүйесі;

- инновациялық қор - инновациялық жобаларды және инфра-құрылымды қаржыландыру, сондай-ақ инновациялық қызмет саласында қызметтер көрсету арқылы инновациялық қызметтің дамуына жәрдемдесетін заңды тұлға;

- инновациялық қызмет - инновацияларды өндірісті және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізу арқылы пайдалану және тағы да басқа ұғымдар.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін ұйымдық және экономикалық, соның ішінде инвестициялар тартуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау арқылы инновациялық қызметті ынталандыру;

- инновациялық даму басымдықтарын айқындау;

- инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту.

Инновациялық қызметті жоспарлау - сыртқы орта факторлары мен жағдайлары бойынша талдау жұмыстарының кешенді мақсатына жету үшін баламаны таңдау мен оңтайландырудың жақсы нұсқауын таңдаудағы менеджмент функциясы.

Жоспарлау инновациялық менеджмент функциясы ретінде нарықта белгілі бір сұранысты қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне, қалыптасқан мақсатта дамуға сәйкес инновациялық қызмет пропорциясы мен негізгі бағыттарды қалыптастыруға негізделеді. Инновацияның мақсаты - жоспарлаудың бұл инновациялық қызметтегі мақсаттарын қалыптастыру және ол мақсаттарды жекелеген құрылымдық топтар мен жүзеге асырушыларға жеткізу. Инновациялық экономика және инновациялық қызмет өндіріс пен технологияны, өндірілетін өнімнің сапасын үздіксіз жаңартқанда ғана өмір сүре алады. Бұл ғылыми зерттеу тәжірибелі конструкторлық жұмыстар нәтижелері іске асатын және қолданлатын ғылыми салаларды және жоғары технологияларды құруды білдіреді. Инновациялық өнімнің техникалық (тұтынушылық) көрсеткіштері ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибелі конструкторлық жұмыстар нәтижелері болып табылады және ғылым мен ғылыми қызмет көрсету аясында да қалыптасады. Бұл - оның жүзеге асуын анықтайтын инновациялық жобаның негізі.

Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайын және дамыған елдердің тәжірибесін ескере отырып, нарықта бәсекеге қабілетті және Қазақстан экономикасының одан әрі тұрақты дамуына әсер ететін тауар өнімін шығаруға арналған жоғары технологиялық және ғылымдандырылған өндірістің даму есебінен, ЖІӨ нығайту әдісі ретінде инновациялық экономиканы қалыптастыру. Жалпы басқарудың тиімділігі жеке үрдістерді тиімді басқаруға байланысты, бірақ нарық жағдайында өндіріс пен басқарудың нәтижелеріне инновациялық үрдіс негізгі ықпал етеді. Инновациялық үрдістің болуы « ғылым-өндіріс» циклының түрлі кезеңдерінде қабылданатын және кәсіпорындар, ғылыми және жобалық ұйымдар, мемлекет деңгейінде басқарудың тиісті бөлімшелерімен іске асырылатын техника, технология, шаруашылықты ұйымдастырушылық формасы және экономикалық әдістер аймағында жаңа шешімдерді қабылдауды білдіреді. Жаңашылдық, жаңалық енгізу және инвестициялар ғылыми-инновациялық және нарықтық факторлар жағдайына негізделі отырып экономикада құрылымдық ығысулардың тереңдеуіне нарық көлемінің ұлғаюына және қажеттіліктерді қанағаттандыруға әсер етеді.

Қорытынды:

Бұл бағдарламаның іске асуы жоғары мамандандырылған ғылыми-инженерлік кадрларды дайындаудың маңыздылығы бар елдің өндірістік-экономикалық жүйесін дамыту және нығайтуға бағытталған.

Инновациялық қызметтің негізгі түрлері ерекшеленеді: инструментальды даярлау және өндірісті ұйымдастыру, өндірісті жүргізу және өндіріс алдындағы өңдеулер, жаңа технологияларды қолдану негізінде персоналды қайта даярлауды, басқару құрылымын қайта ұйымдастыруды қамтиды. Инновациялық қызмет ғылыми, техникалық, ұйымдық, қаржылық, коммерциялық шаралардың барлық кешенін қарастырады. Еліміздің экономикасының тұрақты дамуы инновациялық-технологиялық дамумен тығыз байланысты.

Әдебиеттер

1. *Д.Кенесбаева* «Импортозамещающая стратегия экономического развития новых индустриальных стран»-«Транзитная экономика» 2013г.
2. *Швандара В.А.* Инновационный менеджмент. Москва 2010г.
3. *Кибанова А.Я.* Управление персоналом организации. Москва 2010г.
4. *Тажигулова Ж.Ж.* Инновацияны басқару. Алматы, 2014.

Рысбергенов Ж.К., Тажигулова Ж.Ж.

УПРАВЛЕНИЕ УСЛУГАМИ В ИННОВАЦИОННОЙ СФЕРЕ

Аннотация В данной статье рассматривается инновационный сектор развития на поддержку импорта. Новые технологии позволяют нам производить продукции с наиболее меньшими затратами, дает возможность удовлетворить потребности граждан.

Ключевые слова: инновационное предпринимательство, предпринимательский риск, венчур, интеллектуальная собственность, модернизация инжиниринг, патент.

Rysbergenov Zh.K., Tazhygulova Zh.Zh.

SERVECE MANAGEMENT IN INNOVATION

Summary In this article examines the innovative sector development to support imports. New technologies allow us to produce products with the lower cost will enable to meet the needs of citizens.

Keywords: innovative enter prenenship, entrepreneurship, risk, venchur, intellect ownership, modernization, engenerring, patent.

УДК 631.13.08

Рысбергенов Ж.Ж., Гу Сянюй, Кунтубаева А.Д.

Казахский национальный аграрный университет

ОПЫТ АДАПТАЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ФОРМИРОВАНИЙ К РЫНОЧНЫМ УСЛОВИЯМ

Аннотация

Анализируется опыт адаптации сельскохозяйственных формирований к рыночным условиям хозяйствования. Начиная с 2000 года сельское хозяйство Казахстана встал на путь устойчивого развития с помощью его государственного регулирования. Приведен анализ рыночной политики в странах с развитой экономикой, на основе чего предлагаются ряд организационно-экономических мер по дальнейшему усилению господдержки в агропромышленном комплексе «сельхозформированиях Казахстана».

Ключевые слова: Рыночные отношения, адаптация, мониторинг, госрегулирование, зарубежный опыт, АПК, сельхозформирование, сельское хозяйство, финансовое оздоровление, неплатежеспособность, факторы, эффективность.

Введение

Развитие рыночных отношений в Казахстане способствовало существенному ухудшению условий хозяйствования. Это привело к тому, что примерно 80 % сельскохозяйственных предприятий страны стали неплатежеспособными и неконкурентоспособными. Как результат, на 30 % и более сократился объем производства большинства наиболее важных видов сельхозпродукции, снизились показатели эффективности отрасли.

Учитывая серьезную опасность создавшейся ситуации, в последние годы государственные и региональные органы власти предприняли ряд правовых и организационно-экономических мер, направленных на улучшение положения в сельском хозяйстве.